АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ЖЫЛЫОЙ АУДАНЫ
ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ
БАСШЫСЫ

РУКОВОДИТЕЛЬ
АППАРАТА АКИМА
ЖЫЛЫОЙСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

2024 жылғы 28 қазан № 48 н/қ

Құлсары қаласы город Кульсары

Мемлекеттік сатып алуды
бір көзден алу тәсілімен
тікелей шарт жасасу арқылы
жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434 Заңының (бұдан әрі - заң) 41 – бабының 4 – тармағына сәйкес және Мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті орган-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № ДЗГЗ-01-ДЗ/12494-И түсіндірме-хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. **«2024 жылы мемлекеттік сатып алуды нормативтік-құқықтық реттеудегі өзгерістер мен толықтыруларға толық шолу. 2025 жылғы мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерінің нормалау мен сатып алуды жоспарлаудың өзекті мәселелері. Міндеттемелерді орындау мен бұзушылықтар бойынша тәуекелдерді анықтау және алдын алу жөніндегі практикалық аспектілер»** тақырыбында семинар форум/конференцияға қатысу үшін ақы төлеу бойынша Мемлекеттік сатып алуды, тапсырыс берушінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды не жарғылық қызметін орындау мақсатында, олардың рәсімдерінің ұзақтығына, сондай-ақ іс-шараға кідіріссіз қатысу қажеттілігіне байланысты бәсекелес тәсілмен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мүмкін болмауына байланысты ҚҚС-сыз, жалпы сомасы (68900) теңгеге тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен Заңның 39 – бабы 3-тармағының 45-тармақшасын негізге ала отырып жүзеге асыру.

2. Сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс-қимылдарды орындасын.

3. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету талап етілмейді.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме жүктеймін.

5. Осы бұйрық қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Аппарат басшысының
міндетін атқарушы **Б.Сапарбеков**

001261